

## Мемлекеттік тілді оқыту курстары оқытушысын іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарландыру

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы) (бұдан әрі-Тапсырыс беруші) мемлекеттік тілді оқыту курстары оқытушысын іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Конкурстық іріктеудің қатысушыларына кәсіпкерлік субъектілері болып табылмайтын жеке тұлғалар жатады.

Конкурсқа қатысуға арналған құжаттар 2021 жылдың 19–25 қараша аралығында мына мекенжай бойынша қабылданады: Z10K8M7, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік көшесі, 21-үй, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы), 2-қабат, № 1.206 кабинеті бойынша конкурсқа қатысушының кері мекенжайы көрсетілген мөрленген конвертке салынып, қолма-қол, пошта арқылы немесе [Ainur.Yerbekeyeva@nationalbank.kz](mailto:Ainur.Yerbekeyeva@nationalbank.kz) электрондық поштасы бойынша электронды түрде қабылданады.

Конкурстық іріктеуге қатысушыларға қойылатын талаптар:

- «Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» не көрсетілген мамандықтарға ұқсас мамандық бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) филологиялық білімі;

- қазақ тілін оқыту тәжірибесі кем дегенде 5 (бес) жыл;

- ғылыми дәрежесі және (немесе) ғылыми атағы (күптарлық).

Қатысушыларды бағалау кезінде:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңды, Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын, Қазақстан Республикасының барлық деңгейдегі «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттері» ұлттық стандарттарын, Қазтест қазақ тілін меңгеру деңгейін бағалау жүйесін білуі;

- тілдерді оқытудың заманауи инновациялық әдістері мен технологияларын меңгеруі ескеріледі.

Конкурсқа қатысу үшін «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы) мемлекеттік тілді оқыту курстары оқытушысын іріктеу жөніндегі конкурстық комиссиясына келесі құжаттарды ұсыну қажет:

- конкурстық іріктеуге қатысушының түйіндемесі;

- жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

- қазақ тілін оқыту тәжірибесінің кем дегенде 5 (бес) жылын растайтын құжаттардың көшірмелері;

- жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломдардың көшірмелері

- кәсіби деңгейін растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері (ұсынымдар, мінездемелер, сертификаттар, ғылыми дәрежесі және (немесе) атақтарының, наградасының, санатының, ғылыми жарияланымдарының болуы туралы құжаттар) (бар болса).

Құжаттар мөрленген конвертке салынып, қолма-қол, пошта немесе электрондық пошта арқылы белгіленген мерзімде қабылданады.

Ұсынылған құжаттарды қарау қорытындылары бойынша конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде конкурстық іріктеуге қатысушылардың құжаттарының белгіленген талаптарға сәйкестігі (сәйкес еместігі) туралы шешім қабылдайды.

Конкурстық комиссияның хатшысы конкурстық комиссия шешім қабылдағаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

- кандидаттарды әңгімелесу өткізу күні және орны туралы;

- әңгімелесуге рұқсат беруден бас тарту алған конкурстық іріктеуге қатысушыларды конкурстық комиссияның шешімі туралы хабардар етеді.

Конкурс жеңімпазы конкурстық іріктеудің қорытындысы туралы конкурстық комиссияның шешімі жарияланған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушіге:

- жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) білімі туралы дипломның нотариат куәландырылған көшірмесін;

- еңбек қызметін растайтын құжаттың нотариат куәландырылған немесе жұмыс орны бойынша кадр қызметі растаған көшірмесін ұсынады.

Конкурс жеңімпазымен (бұдан әрі-Жеткізуші) мемлекеттік тілді оқыту курстарын өткізу бойынша қызмет көрсету туралы шарт жасалады.

Шарттың елеулі талаптары:

- Тапсырыс берушінің қызметкерлеріне мемлекеттік тілді оқыту бойынша Қызметтер көрсету (бұдан әрі-Қызмет);

- Қызмет көрсету орны: Нұр-Сұлтан қаласы, Бейбітшілік көшесі, 21, сондай-ақ Тапсырыс берушінің қалауы бойынша қашықтықтан (онлайн форматта) жүзеге асырылуы мүмкін;

- көрсетілетін Қызметтердің жалпы сағат саны 120 академиялық сағат (1 академиялық сағат - 45 минут), аптасына 4 академиялық сағат;

- бір академиялық сағаттың құны 6126 (алты мың бір жүз жиырма алты) теңгені құрайды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен жеке табыс салығының, Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамасына сәйкес міндетті зейнетақы жарнасының және Қазақстан Республикасының міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнамасына сәйкес міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған жарнаның сомасы ұсталатын болады;

- Тапсырыс беруші нақты көрсетілген Қызметтер үшін ақы төлеуді Жеткізуші мен Тапсырыс берушінің өкілі көрсетілген қызметтер туралы актіге қол қойған және Жеткізуші нақты жұмыс істеген уақыты туралы есепті (қатысуды есепке алу журналы) ұсынған күннен бастап операциялық 10 (он) күн ішінде Жеткізушінің банктік шотына (карт - шотына) ақша аудару арқылы ай сайын жүзеге асырады.

**Байланыс деректері:** Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік көшесі, 21-үй, «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Орталық филиалы (Нұр-Сұлтан қаласы), 2-қабат, № 1.206 кабинет, тел. 8 (7172) 70-33-28, 8(702)1340227 Ербекеева Айнұр Талапқызы, [Ainur.Yerbekeyeva@nationalbank.kz](mailto:Ainur.Yerbekeyeva@nationalbank.kz)

**Құжаттардың толық топтамасын ұсынбау конкурстық комиссияның конкурстық іріктеуге қатысушының кандидатурасын қараудан бас тартуына негіз болып табылады.**